

Тұлкібас ауданының ауылдық елді мекендерге 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы N 46/3-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 26 қазанда N 14-14-160 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 2 ақпандағы № 25 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас аудандық мәслихатының 2012.02.02 № 25 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысының 2-тармағына және аудан әкімінің 2011 жылғы 14 қазандағы № 457 хатына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІТІ:

1. Тұлкібас ауданының ауылдық елді мекендерге 2011 жылға жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына қажеттілікті ескере отырып, бір маманға жетпіс есептік айлық көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау-бір мың бес жұз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұсынылсын.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

А.Нұранов

Аудандық мәслихат хатшысы

С.Қалдықөзов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК